

"ҚАЗАҚСТАН ҚОР БИРЖАСЫ" АҚ

БАСПАСӨЗ ХАБАРЛАМАСЫ

Алматы қ.

2015 жыл 26 мамыр

Қазақстанда Қытай-Орталық-Азиялық қаржы нарықтарының форумы өтті

2015 жылдың 26 мамырында The Ritz-Carlton отелінде Қытайско-Орталық-Азиялық қаржы нарықтарының форумы болып өтті. Іс-шараның негізгі мақсаты Қазақстан Республикасының инфрақұрылымдық және басқа да жобаларын қор нарығының құралдары және шетелдік инвестицияларды тарту арқылы қаржыландыру сұрақтарын талқылау болды. Іс-шараның ұйымдастырушысы "Қазақстан қор биржасы" АҚ (KASE) және Шанхай қор биржасы (SSE). Іс-шараның эксклюзивті демеушісі "Қазақстандағы Қытай Банкі" ЕБ АҚ. Форумның ақпараттық серіктестері "ИРБИС" қаржы нарықтарының ақпараттық агенттігі, "Интерфакс-Қазақстан" ақпараттық агенттігі, LS, Капитал, Курсив іскерлік басылымдары.

Қытай тарапынан форумға қор нарығының, Шанхай қор биржасының жетекшілері, Қытайдың бағалы қағаздар нарығын реттеу жөніндегі комиссиясының, Қытайдың өнеркәсіптік және коммерциялық банкінің және басқа да 60-қа жуық өкілдері қатысты. Қазақстан тарапынан бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушыларының жетекшілері, KASE эмитенттері, үкімет пен Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің өкілдері қатысты.

Іс-шара барысында, тәжірибе, өз нарықтары туралы ақпараттармен алмасу және тереңдетілген ынтымақтастық пен ортақ құралдарды дамыту мақсатында, KASE мен SSE арасында өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойылды.

Қазақстан мен Қытайдың қор алаңдары арасында қарым-қатынастардың дамуына екі елдің арасындағы, алдын ала болжаммен ондаған миллиард АҚШ долларына жетуі мүмкін.

KASE Басқармасының Төрағасы М.Р. Қабашев: "Ұлы Жібек жолы бойынша ынтымақтастық шегінде Қазақстанның инфрақұрылымдық инвестициялардың бір бөлігі қор нарықтары арқылы құйылуы мүмкін. Қытайдың қаржы нарығының қатысушысы болып табылатын компаниялармен қатар ынтымақтастығымыз практика жүзінде болуы үшін, экономиканың нақты секторындағы көптеген компанияларды да шақырып отырмыз" – деді.

Екі елдің өзара қарым-қатынасы шегінде Биржа қазақстандық теңге / қытай юані валюталық жұбының сауда-саттығын бастады. Осы форумның өтуі қытай тарапынан Қазақстан қор биржасымен өзара қарым-қатынастардың әрі қарай дамуына қызығушылықты әбден көрсетеді. SSE Президенті Хонгуянь Хуанг өз сөзінде: "Қазақстан қор биржасы инфрақұрылымның маңызды буыны болып, және оның халықаралық қаржы орталығының қарқынды дамуына ықпал етуі үшін Қазақстан қор биржасына қолдау көрсетуге дайынбыз" - деп сендірді.

Анықтама үшін

SSE 1990 жылдың 26 қарашасында құрылып, сол жылдың 19 желтоқсанынан бастап жұмысын бастады. SSE реттеушісі Қытайдың Бағалы қағаздар жөніндегі комиссия (CSRC) болып табылады. Өз дамуында, айқын, ашық, қауіпсіз және тиімді сауда-саттық алаңын құру мақсатында, SSE "заңнама, қадағалау, өзін-өзі реттеу және стандартизация" негізделеді. SSE мынадай функцияларды жүзеге асыруға талпынады: сауда-саттық алаңын ұсыну және бағалы қағаздардың сауда-саттығына қажетті жағдайларды жасау; бизнестің ережелерін қалыптастыру; листинг процедурасын жүзеге асыру; бағалы қағаздар сауда-саттығын ұйымдастыру және қадағалау; бағалы қағаздары биржада айналатын, биржа мүшелерін және компанияларды реттеу ; нарықтық ақпаратты бақылау және тарату. SSE Қытайдағы,

орналастырылған акциялардың саны бойынша, жалпы нарықтық құны және бағалы қағаздардың айналымдығы бойынша, сондай-ақ бағалы қағаздардың айналымы, нарықтың және Т-облигациялардың айналымы бойынша, ең дамыған қор нарығы болып табылады. Өзекті индустриялар, инфрақұрылымдар және high-tech секторларындағы көптеген компаниялар тек қана капиталды тартып қоймай, өз бағалы қағаздарын Шанхай қор биржасында орналастыру арқылы өз үдерістерінің механизмдерін жақсартты.

Қазақстан қор биржасы (KASE) Қазақстандағы өз қызметін қор нарығында жүзеге асыратын, жалғыз биржа болып табылады. Бұл репо нарығының қаржы құралдарының, шетел валюталарының, Қазақстан және шетел эмитенттерінің мемлекеттік және корпоративтік бағалы қағаздарының, ішкі қаржы ұйымдарының облигацияларының және деривативтерінің әмбебап сауда-саттық алаңы. KASE Әлемдік биржалар ассоциациясының (WFE), Евроазиялық Қор Биржаларының Федерациясының (FEAS) және басқа да ішкі және халықаралық кәсіби ассоциацияларының мүшесі. Исламдық қаржыландырудың дамуына акцент қоятын аймақтық қаржы орталығын құру бойынша жұмыс жасап жатқан, Қазақстан Орталық азиялық аймақтағы жетекші қаржы нарығы болып табылады. Қазақстан дамыған және қарқынды отандық капитал нарығын құруға ұмтылады, атап айтқанда Орталық азиялық аймақтың нарыққа кәсіби қатысушылар мен әлеуетті эмитенттерді тартуға тырысады. Биржа туралы қосымша ақпарат www.kase.kz KASE интернет-сайтында қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде қолжетімді.